

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 1077 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 607 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 1077 қаулысына

мынадай өзгеріс енгізілсін:
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы Мәжит Төлеубекұлы Есенбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*